


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

2023 жылғы 20 қыркүйекте жарияланған

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
Б. Н. Асылвқа**

**Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
Е. С. Саденовқа**

Депутаттық сауал

Құрметті Берік Ноғайұлы!

Құрметті Ержан Сапарбекұлы!

Жер реформасын бастап жатырмыз, жер саласын цифрландыруға кірістік. Бұл, әрине, құптарлық іс, бірақ та еліміздің барлық төңірегінде жер саласындағы жемқорлық пен алаяқтық істер өршіп барады. Қай-қайсысын алсақ та, халықтың жермен байланысты зары жергілікті прокурордың, ішкі істер органдары қызметінің шикілігі, әрекетсіздігі және кей жағдайда тікелей араласуы салдарынан орын алып отыр.

Түркістанда кәсіпкер Мәншүк Сыздықова атты кәсіпкердің жері мен бизнесіне тиесілі өтемақы қаржыны алаяқтар жалған сенімхатпен иеленіп алған. Ал соттың заңды күшіне енген шешіміне қарамастан, Түркістанның ішкі істер органдары қылмыстық іс қозғауға асығар емес. Сорақысы, Түркістан қаласы әкімдігінің шенеуніктері алаяқтармен өзара ауыз жаласқан болып отыр.

Мысалы, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ақын ауданында 2009 жылдары шығарылған шешімдер салдарынан «Балуан» СК ЖШС-нде 4985 гектар жерінен заңсыз айырылған 286 жуық жер үлескерлері кінәлілерді қылмыстық жауапқа тарта алмай, әлек болып жүр. Соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша жалпы жиналыстың шешімі заңсыз деп танылса-дағы, бұрынғы әкімнің шығарған заңсыз қаулысын бұзуға асықпайды. Ал сол қаулыны дайыдағандар бүгінде билік басында жүр.

Жетісу облысында ауылдық округ әкімі жергілікті билік пен құқық қорғау органдарының көмегімен Үбен Машарбетов ақсақалды алдап, оның сыртынан жалған шарт жасап, 4000 гектар жерін және оның баласына тиесілі 2 гектар жерін

алған сенімхаттың нәтижесінде өз атына рәсімдеп алған және ақсақалдың атынан ұзақ жыл бойы субсидия алып отырған. Ү.Машарбетовтың арызы бойынша қылмыстық іс 10 рет қозғалып, жоғары шенділердің ықпалымен 11 рет жабылған!

Ал Жамбыл облысының Кордай ауданында "Ноғайбай Казэксим" кәсіпорынының 360-қа жуық жер үлескерлер отбасы (2000 жуық адам) бір сәтте Мұхтар Әблязовтың алаяқтық іс-әрекеті салдарынан 14 059 гектар жерінен айырылған. Облыс прокурорлары мен ішкі істер органдары түсініп, біліп тұрса да, үлескерлердің жерлерін аукцион арқылы сатылуын бұғаттай алмады. Ең қызығы, Әблязовтың алаяқтығымен саудаға салынған екі ауылдың жерін электрондық аукционда 93 жастағы кемпір сатып алған.

Ал, Тұрар Рысқұлов ауданында шаруа қожалығы иесі Игенбековтің 1542 гектарға жуық ауыл шаруашылық мақсатындағы жерін иелену үшін 2019 жылы «өтірік» жалпы жиналысты ұйымдастырып, ресми 2004 жылы қайтыс болған жер үлескерлерін "тірілтіп", өлгендердің атынан жалпы жиналыс шешіміне қол қойып, жерлерін әкімнің қаулысы бойынша өз атына аударып алған.

Ал аты шулы Кербұлақ ауданының «Бостан» өндірістік кооперативі үлескерлері өзіне тиесілі 2000 гектар жерінен шенеуніктер мен құқық қорғау органдары жауапсыздығы кесірінен айырылған! «Бостан»-ның жерін алып алған кәсіпорын «Бостан»-ның жер үлескерлерін өз кәсіпорының қатысушысы етіп енгізбей отыр. Шыдамы таусылған халық Астанаға баруға мәжбүр болуда.

Айта берсек, осындай әрбір өңірдегі бизнесмен-сымақ азаматтардың алаяқтық іс-әрекеттері жергілікті құқық қорғау органдары тарапынан тиісті дәрежеде тергелмей жатыр. Осының зарын қарапайым халық көріп отыр. Жерінен алданып айырылған халық жерсіз қалғанын тек бірнеше жыл өткеннен кейін білген. Сотқа шағым жасаса, талаптың ескіру мерзімінің өтуіне байланысты соттар халықтың талап-арыздарын қайтарып жіберіп отыр. Амалсыз, алаяқтармен өзара ауыз жаласқан билік пен құқық қорғаушылардан шаршап, ашынған халық жергілікті митингтерді ұйымдастырып, жолдарды жабуға дейін барып отыр.

Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданында ауданның жемқор шенеуніктері мен алаяқтарын алданып жерінен айырылған «Бостандық» ауылының үлескерлері 10 жыл бойы жерді игермеген шаруа қожалығынан жерді алып қоюын талап еткеніне бірнеше жыл болды. Амалсыз, конфликтінің ушығуы соншалықты, жер үлескерлері жүріп келе жатқан трактордың астына жатуға дейін барып жатыр.

Жалпы, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қызылорда, Алматы, Жетісу облыстарында күмәнді жолмен жерді иеленіп алған жер иелері мен жер үлескерлердің арасындағы конфликттердің ушығып кеткені соншалық халыққа карсы автоматпен оқ ату, үлескерлерді үйлерінің алдында күзетіп ұрып-соғу, өлтіру туралы қорқыту әрекеттері ушығып кетті.

Жоғарыдағыны баяндай келіп, Бас Прокуратураны:

біріншіден, аталған фактілер бойынша тергеу жұмыстарын бастауды;

екіншіден, көптеген ауыл шаруашылық кәсіпорындарда жер үлескерлерінің саны көбейсе де, азайса да кәсіпорынның жарғылық капиталы өзгермеген. Бұл, әрине, заңға кайшы құбылыс болып табылады. Сондықтан да

ауыл шаруашылық кәсіпорындардың жарғылық капиталын қайта бағалаудан өткізуді және бұны дереу қолға алуды міндеттеу керек.

Ашынған, алданған халықтың шыдамы таусылды. Енді ес жимасақ, барлығымыздың жағдайымыз мүшкіл болары хақ!

Құрметпен,

Б. Базарбек

Қ. Иса

С. Пономарев

Д. Тұрғанов

Орын. Ф. Ж. Құсайынова
т. 74 67 29